

З.Б. Мырзатаева¹

*т.ғ.к¹, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қ.проф.
Алматы қ., Қазақстан, zabyra73@mail.ru*

СССР НКВД-МВД № 348 ЖАПОН ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ЛАГЕРІ ЖӘНЕ АЩЫСАЙ ПОЛИМЕТАЛЛ КОМБИНАТЫ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мәскеулік орталықтың ерекше назары түскен Ащысай және оның қазынасын игеру тарихы советтік тарихнамада біржақты қарастырылды. Оның күнгейі мен көлеңкелі тұстары әлі де болса толыққанды зерттеуді қажет етеді. Қазіргі тарих ғылымындағы тарихи-антропологиялық зерттеу құралдары аталған мәселені біртұтас және объективті тануға мүмкіндік береді. Мақалада 1945 жылы Ащысайда құрылған СССР НКВД-сінің №348 жапон әскери тұтқындарының өндірістегі қызметі мен лагерьдегі өмірі баяндалады. Жапон әскери тұтқындары Ащысай комбинатының рудниктерінде, Түркістан ауданындағы ауыл шаруашылығында, сонымен қатар өңірдің мәдени құрылысы жұмыстарында (ғимараттарды, өнеркәсіптік мекемелерді тұрғызу, жұмысшы поселоктарын салу ж.б.) еңбек етті. Олардың қолынан шыққан ғимараттардың кейбірі бүгінге дейін халыққа қызмет етіп келеді. Сондай-ақ жапон әскери тұтқындарының қызметін ашуда, комбинаттың ортақ азапты еңбек жолынан өткен өңірдің өзге де ұлт өкілдерінің, соның ішінде әсіресе, поляк азаматтарының балаларының және қазақ кеншілері балаларының естеліктері талдауға алынды.

Жұмыста ҚР ИМ ШҚД архиві, РГАЭ, ҚРОМА, ҚР ПА қорының құжаттары және Ащысай, Хантағы, Байылдыр ж.б. ауылды мекендерге жүргізілген елішілік экспедиция (тарихи сұхбат) материалдары пайдаланылды. Мәселе методологиялық құралдардың соңғы жетістіктері (айтылған тарих, күнделіктілік ж.б.) негізінде орындалды. №348 лагерь және ондағы жапон тұтқындарының өмірі бұрын-соңды арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болған емес. Соған сәйкес мұндағы құжаттық материалдар айналымға алғаш рет енгізілуде.

Кілт сөздер: №348 әскери лагерь, Ащысай комбинаты, рудник, жапон тұтқындары, депортация, естеліктер, тарихи сұхбат.

Z.B. Myrzatayeva¹

*Senior lecturer of Department of History¹, Institute of History and Law,
Abay Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty, zabyra73@mail.ru*

FROM THE HISTORY NO. 348 OF THE CAMPS OF JAPANESE PRISONERS OF WAR OF THE NKVD-MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS OF THE USSR AND ASHCHYSAY POLYMETALLIC PLANT

Abstract

The history of the development of the natural resources of Ashchysai, which the Moscow center paid special attention to, was considered one-sided in Soviet historiography. Its light and shadow sides still need to be fully explored. The means of historical and anthropological research in modern historical science allow a comprehensive and objective study of this problem. The article describes the working days of the Japanese in the prisoner of war camp No. 348 of

the NKVD - (MVD) of the USSR, created in Ashchysai in 1945. Japanese prisoners of war performed the hardest work on the mines of the Ashchysai polymetallic combine, agriculture in Turkestan, as well as cultural construction of the region (construction of buildings, industrial enterprises, construction of workers' settlements). Some of the buildings from which they were built, still serve the people. The article also analyzes the memoirs of children of Polish citizens who were deported in revealing the content of this problem.

The study used documents from the archives of the Department of internal Affairs of Kazakhstan in Shymkent, rgae, TSGA RK, Fund the ASMC and the materials of field expeditions (interviews with local residents) in rural communities Ashchysay, Kentau, Bayuldur, etc. the History of camp No. 348 and everyday life of the Japanese prisoners has not previously been the subject of special studies. Accordingly, documentary materials are introduced into scientific circulation here for the first time.

Keywords: №348 military camp, Ashchysay plant, mine, Japanese prisoners of war, deportation, memoirs, and historical interviews.

З.Б. Мырзатаева¹

к.и.н¹, асоц. проф. Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы, zabyra73@mail.ru

ИЗ ИСТОРИИ №348 ЛАГЕРЯ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ НКВД-МВД СССР И АЩЫСАЙСКОГО ПОЛИМЕТАЛЛИЧЕСКОГО КОМБИНАТА

Аннотация

История освоения природных ресурсов Ащысай, на которые московский центр обращал особое внимание, в советской историографии рассматривалась односторонне. Его светлые и темные стороны все еще требуют полного изучения. Средства историко-антропологических исследований в современной исторической науке позволяют всесторонне и объективно изучить эту проблему. В статье рассказывается трудовые будни японцев в лагере военнопленных №348 НКВД-(МВД) СССР, созданном в Ащысае в 1945 году. Японские военнопленные выполняли тяжелейшие работы по рудникам Ащысайского полиметаллического комбината, сельскому хозяйству в Туркестанском, а также культурному строительству региона (возведение зданий, промышленных предприятий, строительство рабочих поселков). Некоторые из зданий, из которых они строили, до сих пор служат народу. Также в статье проанализированы мемуары детей польских граждан, подвергшихся депортации в раскрытии содержания данной проблемы.

В работе использованы документы архива отдела внутренних дел МВД РК по г.Шымкент, РГАЭ, ЦГА РК, фонда АПРК и материалы полевых экспедиций (интервьюирование с местными жителями) в сельские населенные пункты Ащысай, Хантаги, Байылдыр и др. История лагеря №348 и повседневность японских заключенных ранее не было специальным предметом исследований. Соответственно, документальные материалы здесь вводятся в научный оборот впервые.

Ключевые слова: №348 военный лагерь, Ащысайский комбинат, шахта, японские пленные, депортация, мемуары, исторические интервью.

Кішіге. Советтік Түркістан ауданы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар, яғни, депортациялық жолмен келгендер, әскери тұтқынға түскендер үшін арнайы жазалау аймақтарының біріне айналды. Өйткені мұнда ең біріншіден, үлкен еңбек күшін қажет ететін алпауыт өнеркәсіп кешені - Ащысай полиметалл комбинаты бар еді. Екіншіден, Қаратау баурайы - ірі мал шаруашылығына, мәдени өсімдіктер шаруашылығына (каучук егу), суармалы егін шаруашылығына (мақта өсіру) аса қолайлы жер болатын. Соған сәйкес

мысалы, 1936 жылы Оңтүстік Қазақстанға тегін жұмыс күші ретінде Украинадан 5500 неміс, поляк азаматтары әкелінді. Олар мынадай ретпен: Ленгер колхозына - 500, Пахта Аралға - 1000, Келес колхозына - 1000, мақталы өңір - Ленгерге 500, мал шаруашылығына бай Меркеге – 500, Мирзоян колхозына - 1000 адам орналастырылды. (Алматы облысына - 3000, Шығыс Қазақстан облысына - 2500, Ақтөбе облысына - 1000, Қарағанды облысына – 3500, барлығы - 15500 адам жіберілген еді) [1, 7-8 пп.]. Ал 40-50 жылдарда өңірге шешен, поляк, азербайжан, грек азаматтары толассыз көшіріліп әкелінді. Яғни, мәжбүрлеп жер аудару толқыны жылдан-жылға қарқын алып отырды. Алайда өкімет депортацияланған халықты баспанамен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде ерекше сараңдық танытты. Соның салдарынан жүздеген жер аударылған азаматтар түрлі аурулардан, аштықтан көз жұмды. Ал 30-40 жылдардың азабынан шыққан қазақ ауылдары көршілес қонған шетелдік ауылдастарының бұл қайғысын бір кісідей бөлісті...

Мақсаты. Мақаланы даярлауда автор Ащысай полиметалл комбинаты тарихында елелулі із қалдырған жапон әскерилерінің №348 лагерьдегі қызметін, күнделікті өмір тарихын баяндауды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістер. Жұмыста ҚР ПМ ШҚД архиві, РГАЭ, ҚРОМА, ҚР ПА қорының құжаттары және Ащысай, Хантағы, Байылдыр ж.б. ауылды мекендерге жүргізілген елішілік экспедиция (тарихи сұхбат) материалдары пайдаланылды. Мәселе методологиялық құралдардың соңғы жетістіктері (айтылған тарих, күнделіктілік ж.б.) негізінде орындалды. №348 лагерь және ондағы жапон тұтқындарының өмірі бұрын-соңды арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болған емес. Соған сәйкес мұндағы құжаттық материалдар айналымға алғаш рет енгізілуде.

Нәтижелерді талқылау. Сонымен, Түркістан ауданына жапон әскери тұтқындары 1945 жылы әкелінді. Германия - Жапония капитуляциясынан кейін КСРО-да 222 әскери тұтқындар лагерьі ұйымдастырылды [2]. Соның ішінде 1941-1950 жылдар аралығында әскери тарихшы Р.Бекмағамбетовтің тұжырымдауынша республикамызда 14-тен аса тұтқындар лагерьі бой көтерген [3]. 1945 жылдың 23 тамызында КСРО тұтқынындағы 575 мың [4] (545 мың – 600 мың [5]; 583 мың [2]) жапон әскерилерінің 50 мыңға жуығы [6] Қазақстанға жөнелтілген.

Оларды республикамыздың ауыр өнеркәсіп орындары шоғырланған жерлерге яғни, мысалы Оңтүстік Қазақстанға 3000 жапон азаматы жіберілді.

Соғыс жылдарындағы КСРО көлеміндегі әскери тұтқындар лагерьіне арналған еңбектер легі аз емес [7]. Алайда бұл авторлардың еңбектерінен 1945 жылы құрылған №348 лагерь қызметі жөнінде толыққанды мәліметтер кездеспейді.

Сондай-ақ, Шығыс Қазақстанда жапон әскери тұтқындарының №45, №347 лагерьлері құрылғаны белгілі, міне бұл туралы мәліметтерді тарихшы С.Жанбосинованың [8] ғылыми мақалаларынан кездестіре аламыз.

Соңғы жылдары Қазақстандағы жапондар лагерьлері тақырыбына журналист қауымының да қызығушылық танытқанын байқаймыз. Азаттық тілшісі А.Азаров бұл жөнінде: «историки установили, что число военнопленных и интернированных японцев, размещенных в Казахстане, составило 58 900 человек. Первый эшелон с японцами прибыл 5 октября 1945 года в Семипалатинскую область. Большинство из них (25 тысяч) разместили далее в Карагандинской области, также в Жезказганской, Восточно-Казахстанской, Алматинской, Жамбылской областях» [9]- деген ақпаратты келтіреді. Алайда байқағанымыздай, Оңтүстік Қазақстандағы құрылған контингент жағынан көлемі үлкен №348 әскери лагерь аталмайды.

Ал 2018 жылдың 29 январында интернет желісіне Азаттықтың Шымкент қаласындағы тілшісі Дилара Исаның Ащысай, Хантағы поселкелеріндегі жапон әскерилері туралы, жапон азаматтарын көзкөрген қарттармен кездесіп, сұхбат жүргізгені туралы ақпарат ілінді [10]. Онда автор өңірдегі жапон тұтқындары жөнінде мәліметтердің тапшылығын баса көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі. СССР МВД № 348 әскери тұтқындар лагері [11]. Сонымен Түркістан станциясындағы КСРО НКВД (МВД)-сінің №348 әскери тұтқындар лагері 1945 жылдың 1 маусымында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, Түркістан станциясында құрылған. Лагерь бас штабтан, тәртіп және қорғаныс бөлімінен, чекистік оперативтік бөлімінен, финанс бөлімінен, әскери тұтқындарды есепке алу бөлімінен, өндірістік жоспарлау бөлімінен, кадр бөлімі мен заттай қамтама ету бөлімінен, продфураж қызметі бөлімінен, транспорт және коммуналды эксплуатация аталатын бөлімдерден құралған. Лагерде қорғасын, көмір және кен өндіру жұмысына 2100-ден 2400-ге дейін жапон азаматтарының тартылғаны көрсетіледі. Лагердің құрамында 4 бөлімше болған: №1 бөлімше – Түркістан ауданының Ащысай руднигінде, Түркістан станциясынан 78 км, яғни, лагерь басқармасынан 1,5 км қашықтықта орналасты. №2 бөлімше – Түркістан ауданының Мырғалымсай руднигінде орналасқан. №3 бөлімше - Шымкент қорғасын заводында, темір жол бойынан 1,5 км және лагерь басқармасынан 270 км қашықтықта орналасқан. Ал №4 - бөлімше лагерь басқармасынан 300 км қашықтықта жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгер қаласында орналасты.

КСРО НКВД (МВД) бұйрығымен құрылған бұл лагерь бөлімшелерінің сыйымдылығы 5000 орынға дейін жетеді, мысалы:

1	Ащысай бөлімшесіне	600 адам
2	Мырғалымсайға	1900 адам
3	Шымкентке	1000 адам
4	Ленгерге	1500 адам

Алайда 1946 жылдың 1 қаңтарындағы есеп материалы бойынша №348 лагерь бөлімшелеріне жіберілген 2239 адамның лагерь бөлімшелеріне орналастырылғаны баяндалады. Тұтқындар мынадай ретпен орналастырылған: №1 Ащысай лагеріне небәрі 80-100 адам сиятын орынға 455 адам орналастырылған. Лагерь бөлімшесінің қоймасы жөндеу жұмысынан өткізілгенімен монша, кір жуатын бөлме мен дезокамералар құрылыс материалдарының кешіктірілуіне байланысты аяқсыз қалған. Ащысай жапон лагерінің айналасындағы дуал қорғандардың биіктігі 2,5 метр. Тікенекті сыммен бекітілген тиым салынған зоналық аймағы болған. Лагерь зонасында тәулік бойы жұмыс істейтін 6 мұнара және посттарға бекітілген электр дабылы орналастырылған. Дәл осыған ұқсас лагерь бөлімшелері №2 Мырғалымсайда /Хантағы/ 532 адам орналастырылса, Шымкент қорғасын зауытындағы №3 лагерь бөлімшесінде 484 адам, ал Ленгердегі №4 бөлімшеде 768 адам орналастырылған. Аталған зона сипаттамасы тек күзет мұнараларының санымен ерекшеленеді, бұл ондағы тұтқындар көлемімен байналысты болуы мүмкін. Мысалы, №2 Мырғалымсай бөлімшесінде 6 мұнаралық күзет орны болса, №3 лагерь бөлімшесінде 4 мұнара, №4 бөлімшеде 9 мұнара күзет қойылған. Сондай-ақ тағы бір айырмашылықтар ол зонадағы қоршалған дуалдар тікенекті үш өріммен бекітілген сымдардан тұрады. Бұл әсіресе №4 бөлімшеге тән еді.

Лагерь бөлімшелерін 75-атқыштар дивизиясы, 426-конвоир полкінің 1-ші батальоны күзетті. Батальон құрамындағылардың басым көпшілігі 1926-1927 жылы туылған жастардан (1945 ж. есеппен алғанда 18-19 жаста) тұрған екен, тұтқындарды саппен тәртіпте ұстау және күзету тәжірибелері жоқ бұл жастар, әскери тұтқындарды өндіріс орындарына ретсіз жеткізу, оқ-дәріні шығын ету және т.б. с.с. қателіктерге жол берген. Соған байланысты батальон қолбасшылығының алдына бақылауды күшейту және бекетке түсер алдында нұсқаманы күшейту туралы мәселе қойылған.

Құжатта сонымен қатар вахта күзетшілерінің тәжірибесіздігі туралы баяндалады. Олардың өз постында қатаң тәртіп сақтамайтыны, қару-жарақтарын тіпті үй ішіне қалдырып жүре беретіні және басқа да олқылықтарға жол беретіні жазылған.

Жапон әскерлерінің лагерден қашу, суық қаруларды жасырын (пышақ, лезвия, өткір зат ж.б.) ұстау сияқты әрекеттері байқалмаған. Бұл мүмкін тұтқындардың біріншіден

зонадағы жан-жақтан қойылған күзет жағдайына байланысты, ал екіншіден өздеріне мүлдем жат ел халқының тілін білмеуіне байланысты, үшіншіден отанынан тым қашықтағы географиялық ортадан қандай да бір бостандыққа жетуге деген үмітінің үзілуінен де болар деп ойлаймыз. Әйтсе де жапон әскери тұтқындарының совет лагерлерінен (басқа өңірлерде) қашу әрекеттері жиі орын алған [12].

Лагерлерде шахтаға түсуде пропускшілік тәртіп орнатылған. Шахта әкімшілігі жұмысшыларды тек қана лагердің берген рұқсатнамасы бойынша өткізіп-шығарды. Ал Ленгер қаласының №2 шахтасында арнайы пропускшімен емес, адамдарды тар қуыстан өткізу әдісі пайдаланылған. Онда 1500 адам/жалдамалы жұмысшылар мен 400 әскери тұтқын бір адамдық өтетін жолдан кіріп шыққан. Әрине бұл тиімсіз еді, яғни, адамдардың шахтаға түсіп шығуына аса көп уақыт жұмсалды.

Жапон азаматтарының денсаулығы, лагерьдегі санитарлық жағдайы жөнінде. Лагерь бөлімшелеріндегі санитарлық жағдайдан бұрын әр бөлімшенің географиялық орналасу ерекшеліктеріне тоқталайық. Өйткені бір Түркістан өңірінің түрлі климаттық ерекшеліктері бар. Мысалы Шолаққорған, Түркістан жерлерінде қыс айлары қарсыз, жылы өтсе, таулы Ащысайда қалың қар түсіп, ол ұзақ жатады. Қиыр шығыс елінен келген азаматтардың денсаулығына мұндай климаттық ерекшеліктер өз әсерін тигізбей қоймады. Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан және Шымкент аудандарындағы №1 және №2 лагерь бөлімшелері өсімдіктерсіз тасты-таулармен қоршалған шөлді аймақтарда, теңіз деңгейінен біріншісі 850 м, ал екіншісі 400 м биікте орналасқан. Климаты ылғалды болып келетін бұл орындар әсіресе жүрек және бауыр ауруына шалдыққан науқастар үшін аса қауіпті. Ал №3 және 4 лагерь бөлімшелері керісінше, көгалды, қолдан суаруды қажет ететін, ауаның қалыпты ылғалдылығы бар ең жақсы климаттық және географиялық жайлы жерде орналасты. Сонымен қатар оның да өзіндік қолайсыздықтары бар еді. Яғни, №1 және №2 бөлімшелер топырақ құм қоспасы бар сазды, тасты орындарда болса, №3 және 4 лагерьлік бөлімшелер жаңбырлы уақытта саз балшыққа айналатын аймақта орналасты.

Лагерь контингенті 2239 жапон азаматтарын құрады, олардың барлығына бірдей бұл жердің климаты да, тағамдардың түрлері де мүлдем жақпайды. Соған байланысты, әсіресе ең алдымен №1 Ащысайдағы лагерь бөлімшесіндегі азаматтарды шұғыл түрде жапон елінің ұлттық тағамдарымен қамтамасыз ету қажет болды.

Көзкөргендердің жапондар туралы әңгімелерінен. Жалпы жапон тұтқындарын көзкөргендер ең алдымен олардың тазалығы жөнінде айтады. Айтулы ауыр кезеңде бұған сену қиын десек те, тазалық сақтау жапон халқы мәдениетінен ерекше көрініс тапқанын байқай аламыз. Мысалы, жапон тұтқындарын көзкөрген Қалдыбеков Қуанбек (1930 ж.т.) «олар мұнтаздай болып жүретін, білмеймін оларға үкімет ерекше қарайтын сияқты болып көрінетін» [13] десе, Маханбетов Түсенбек (1935 ж.т.):

«... 1945 жылы есейіп қалған кезім ғой. Ағамның қолында шахтада жапондықтар жұмыс істеді. Оларды топырлатып кіргізеді, топырлатып шығарады... Аяқтарына ағаштан жасалынған аяқ киім кигізіп қоятын. Жүргенде тақырлаған дауыстар шығады. Станциядан шыққан уақытында олар жүріп келе жатқанда анау біздің «Максим Горький» көшесіне дейін естілетін. Табандары ағаш қой, ағаш аяқ киім киген. 500 жапон болды» [14], - делінетін естеліктер айтты. Әсіресе осы жерде Ащысайға жер аударылып келген поляк азаматтарының естеліктерінен де үзінді бергенді жөн көрдік. Өйткені Ащысай шахтасында жапондықтарды басқарып жұмыс істеген Витольд Стемпеньнің (1928 г.р.) көрсетулері жоғарыдағы естеліктерді толықтыра түседі :

«Жизнь наша стала более интересна. Вскоре велели нам переселиться из барака №40 и перейти в 45, как было прежде. На другой день мы увидели шагающий отряд японских военнопленных. Все они были одеты в одинаковые мундиры, на шапках стилизованные якоря. Было их около 200» [15].

Сондай-ақ ащысайлық Өткелбаев Расылбек (1940 ж.т.): «жапондықтарды тура біздің үйдің жанынан алып өтетін. Өздері қысықкөз болады. Біз оларды аяйтынбыз. Өзге жерде мүсәпір болып жүру аса ауыр жағдай ғой» [16] дегені де бар еді. Міне көріп

отырғанымыздай архив деректеріндегі фактілер куәгерлер әңгімелерімен толықтай сәйкес келеді.

Лагерь бөлімшелерінде қоқысты сыпыру және шығару күн сайын жүргізілді, ең қиыны оларда кәріз (канализация) болмаған. Ортағасырлық жағдай сияқты қазылған шұңқыры бар дәретханалар ассенизациялық обоздармен шығарылып тазартылған, әжетханалардың едендерін өздері жуып тазалап тұрған.

Лагерьдегі барак және казармалық типтегі үй көлемі 3149 шаршы метрді құрайды. Лагерь тұрғындары жиһазбен аз қамтылған және ағаш материалдары шаруашылық органдарының жетіспеушілігіне байланысты баяу қарқынмен жүрген. Ал асхана жағына келсек, мұнда қажетті заттардың тапшылығы айтылады. 1-ші лагерь бөлімшесінде 450 адамға арналған асхана құрылысы лагерь ашылғаннан кейін бір жыл өткен соң қолға алына бастаған. Асхана блогының жабдықтары жеткіліксіз, ыдыс-аяқ, алюминді шелектер, мырышталған ыдыстар болмаған десе де болады. Темір ыдыс-аяқтар мен брезент шелектерді тиісті тазалықта ұстау оңай емес әрине. Жапон аспаздары орыс тағамдарын дайындауды үйреніп алған. Тамақ рационы тым мардымсыз болуы себепті жапондардың басым көпшілігінің денсаулығы нашар болған. Күріштің болмауы асқазан-ішек ауруларын күшейткен.

Қауіпсіздік техникасы. Жапон жұмысшылары шахта, қорғасын балқыту завод жұмыстары барысында бақытсыз жағдайға жиі ұшырап жатты. Мәселен, Шымкент лагерь бөлімшесінде 1946 жылдың наурыз айында 2 жапон азаматы ватержакет цехтарында пешке беттерін күйдіріп алу апатына ұшырады. Жалпы мұндай ватержакет цехындағы келеңсіздіктер завод ашылғаннан бері оңалған емес.

Осыдан тура он жыл бұрын Қазақ ССР прокуроры С.Есқараев 1937 жылы 21 қаңтарда Қазақстан Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Москатовқа жіберген арнайы мәлімдемесінде Шымкент қорғасын заводы жұмысшыларының әлеуметтік өміріндегі қайғылы жағдайларды ашық жеткізген [17, 6-7 бб.].

Лагерьдің №2 Хантағы бөлімшесіндегі тұтқындар барақ типтегі үй-жайларға орналастырылған. Алайда бұл лагерь бөлімшесінің орны 1945 жылы жапон әскери тұтқындары әкелінгенге дейін НКВД колониясының орны болған. Жапондар әкелінгеннен кейін ол Хантағыдан 4 км қашықта жатқан Мырғалымсайға көшірілген.

2015 жылдан бері үздіксіз байланыс жасап жүрген Тадеуш Исанский мырза анасының Ащысай, Хантағы, Шолаққорған елді-мекендеріндегі өмірінен естелік материалдарын жолдады [18].

Хантағы колониясының орны 1945 жылы Мырғалымсайға көшіріледі, ендігі кезекте ол орын жапон азаматтарының тағдырын тәлкек еткен аймаққа айналады.

Мырғалымсайға орналасқан лагерьдетұрғын үй-жайларының алаңы 672 м2-ге тең. Онда жылыту жүйесі – шағын плиталардан тұрған. Ол көмірмен және отынмен жылытылды. Сумен жабдықтау су құбыры арқылы жүргізілді. 12 адамға 1 қолжуғыштан ал, 20 адамға 1 дәрет сындыру орнынан келді. Көріп отырғанымыздай бұл аталған бөлімшенің де санитарлық ахуалы өте төмен жағдайда қала берген.

№3 Шымкент қорғасын зауыты мен № 4 Ленгеруголь бөлімшелеріндегі жағдай да жоғарыдағыдай ұқсас еді. Сондықтан ол жөнінде арнайы тоқталмаймыз.

Сонымен қорытар болсақ, әскери тұтқындардың еңбек күшін тегін пайдалану - совет үкіметінің экономикасындағы үнемдеу әдіс-құралдарының бірі еді.

Оралу.№348, №29 лагерьлердегі репатриация [19] аталатын құжатта 1947 жылдың 16 шілдесінде КазССР Ішкі істер министрлігінің орынбасары Николаевтан Оңтүстік Қазақстан облысының МВД бастығы Мирошниковке 1947 жылдың 5 тамызына дейін № 380 рапорт бойынша (1947 жылдың 19 наурызымен СССР МВД қабылдаған № 00314 бұйрығына сәйкес) №348 Ащысай полиметалл комбинатынан 972 және Шымкент қорғасын заводынан 559 жапон азаматтарын репатриациялауға рұқсат етілуіне байланысты даярлық жұмыстарын жасауды тапсырғаны көрсетіледі. Олардың ішінде репатриацияға жөнелтілмейтіндерін «басқа лагерьлерге орналастырындар, олардың орнына

сол лагерлердегі еңбекке қабілетсіз әлсірегендерін жіберіндер. Сонымен қатар науқастардың саны туралы мәлімет беріңіздер, әлсіз жапондарды алда келе жатқан 1947-1948 жылдың қысына қарай ұстап отырудың қажеті жоқ. Контингент санын осы жылдың 23 шілдесіне дейін хабарлаңыздар. Эшелон номерін қосымша хабарлаймыз» [19, 1-п.], - делінген мазмұнда хат келеді. Міне, осылайша № 348 жапон әскери лагері өз жұмысын тоқтатады. Жоғарыда келтірілген бұйрық мазмұнына назар аударар болсақ, басшылық ең алдымен еңбекке жарамсыздарын аттандыруды хош көрген, екіншіден Ащысай комбинатының 3 бөлімшесі мен № 4 Ленгеруголь (соның құрамындағы Шымкент қорғасын балқыту зауытындағы) жапон тұтқындарының бастапқыдағы саны 2239 болса, жоғарыдағы мәліметте 1531 ғана тұтқындар саны келтіріледі. Қолдағы бар құжаттарда КСРО МВД-сінің № 00314 бұйрығымен №348 лагердің 1947 жылдың 1 қыркүйегінен бастап репатриацияға өтуімен байланысты бірінші, екінші және үшінші лагерь бөлімшелерін әрі қарайғы репатриация үшін МВД № 380 Приморский крайдың Находка Бухтасына жөнелткені айтылады. Әскери тұтқындардың төртінші Ленгер бөлімшесі СССР МВД №29 лагеріне қосқан. Лагердің офицерлер кадры мен қатардағылар құрамы КазССР-нің түрлі МВД мекемелеріне жіберіліп, № 348 лагерь 1947 жылы өз жұмысын толығымен тоқтатады [19, 1-п.]. Ленгеруголь №4 бөлімшеде бастапқыда 768 тұтқынның болғанын еске алсақ, 709 жапон тұтқыны демек, №29 лагерьге біріктірілген, ал бұдан басқа 59 азамат жөнінде қандай да бір түсіндірулер берілмейді.

Жапон зираттарымен күрес (1958-1961 жж). Арада 21 жыл өтсе де совет үкіметі жапондарға жасаған қиянатын тоқтатпаған. Халық жадынан ысырып, өткен өмірдегі қылмыстарын жасыру бағытында жұмыстар істеді. Өкінішке орай бұл ащы шындықтың бетін бүркемелеу бүгін де өз жалғасын тауып келеді...

Жапон зираттары КСРО жасаған қылмыстардың нақты көрінісі болатын. Сол себепті зираттардың орындары тегістеліп, жойылды. Бұл іске қатаң бақылау қойылды.

Мысалы 1958 жылдың 28 тамызында арнайы комиссия шығарылған. Оның құрамындағы: УВД ЮКО капитаны Пономарев, горкомхоз өкілі Нурманов және Кентау горисполкомының депутаты Косарев мынадай мазмұндағы Актіні тапсырады. «Хантағы поселогында 3 жапон әскери тұтқынының зираты бар, қазіргі уақытта олар тұрғын үйлердің қақ ортасында қалып қойған. Зираттардың орны төмпешік қалпында тұр. Алдағы уақытта бұл жерге тұрғын үйлер тұрғызылу жоспарлануда. Соған сәйкес комиссия Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер басқармасының тапсырмасының негізімен зираттар орындарын жоюды қажет деп есептейді», - деп көрсетілген. Құжат соңында жоғарыда аталған адамдардың есімдері көрсетілген, ЮКО УВД І спецбөлімшесінің аға инспекторы құжатты растап қол қойған [20, 4-п.]. Тура осы датамен капитан Пономарев, Ащысай поселкелік советінің депутаты Исакова және Кентау горкомхоз өкілі Нурманова бұрынғы әскери жапон тұтқындарының Ащысайдағы зираттарын қарап шықты. Жұмыс барысында 21 зират орны табылған. Алайда қазіргі уақытта зираттарға Ащысай руднигінен шығарылған жыныстарының үйіндісі жақын жатыр. Жақын арада жапон зираттары руда жыныстарының астында қалады деп көрсетілген, әрі қарай құжатта, - соған сәйкес комиссия зираттағы мүрделердің орындарын ауыстырудың қажеті жоқ деп есептейтіні көрсетілген [20, 6-п.].

Қорытынды. Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Ішкі істер министрлігінің І спецбөлімшесі 1960 жылдың 21 январында Кентау қалалық Ішкі Істер Бөлімінің бастығы Чергейкоға Түркістан өңіріндегі жапон әскерилерінің зиратын жою туралы бұйрық шығарады. Онда: «1/ «Мырғалымсай руднигінде - 9 зираттан қалған бір зират орны, 2/ Қантағы поселогындағы – 8 зираттан қалған бір зират орны, 3/ Ащысай поселогындағы 21 зираттан қалған бір зират орны 1950 жылдың 16 шілдесіндегі МВД Каз.ССР-нің № 14, 5 – 2150 ст. бұйрығына сәйкес зираттың төбешік қалпын жермен бірдей етіп тегістеп, зират нұсқасындағы барлық белгілері жойылсын, - делінген мазмұндағы хат түседі. Құжат соңында Ішкі істер басқармасының бастығы полковник Утегеновтың және І спецбөлімшенің бастығы, милиция аға лейтенанты Казанцеваның

колы қойылған [20, 3-п.]. Тура осы жылдың осы күнінде Жетісай поселогінің аудандық Ішкі істер бөлімінің аға милиция лейтенанты Жақсиевке де 5 жапон зиратын жою туралы жергілікті билік орындарына тапсырындар деген бұйрық түседі.

Ленгер қаласы бойынша шығарылған комиссия 24 зират орындарын тапқанын және оның орындарының күн өте жойыла бастағанын, ендігі таңда оның орнына тұрғын үйлер, монша ж.б. құрылыстардың жүргізілетінін мәлімдейді. Бүгінде жапон зираттарының кейбірі сақталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ГАОПИТО (Государственный архив общественно-политической истории Туркестанской области) Ф.4. Оп.1. Д.121. 8 П.
2. Бекмагамбетов Р., Военнопленные на территории Казахстана. [Электрон.ресурс]. Январь, №1, 2010. – URL: <https://journal.zakon.kz/207315-voennoplennye-na-territorii-kazakhstan.html> (дата обращения:03.06.2021)
3. Бекмагамбетов Р. Военнопленные на территории Казахстана: монография. – Костанай: Костанайская академия МВД РК, 2014. – 166 с.
4. Сатаева Ж., Архивные документы о японских военнопленных. [Электрон.ресурс]. –Часть II. –URL:<https://e-history.kz/ru/publications/view/5399>(дата обращения:23.06. 2019)
5. Кузнецов С.И. Политика советского государства в отношении японских военноплен-ных Советско-японской войны 1945 г. // Сибирская ссылка: сб. науч. ст. / отв. ред. А.А. Иванов, С.И. Кузнецов, Б.С. Шостакович. –Иркутск: Оттиск, 2011. Вып. 6 (18). 591.
- 6 «Согласно шифровке Генштаба Красной армии от 1 сентября 1945 г., японские военнопленные направлялись на работу: «В Казахскую ССР – 50тыс. чел., в том числе: в Карагандинскую обл. на строительство Казахского металлургического завода, машиностроительного завода, для Акчатууского вольфрамового комбината - 10 тыс. чел., для «Карагандауголь» - 10 тыс. чел., наркомцветмет - в Джеказган - 3 тыс. чел.; наркомстрой и наркомцвет - в Восточно-Казахстанскую обл. - для работ по Ридеру, Усть-Каменогорскому и Зарянскому свинцовому управлению - 15 тыс. чел., в Южно-Казахстанскую обл. - наркомцветмет для «Ачполиметалл» - 3 тыс. чел., в Жамбульскую обл. НКПС, на Карагандинскую железную дорогу - 9 тыс. чел.». По данным, приводимым А. Алданазаровым, в Казахстане были размещены 58900 интернированных японцев, из них 1394 человека погибли на территории республики, так и не сумев вернуться на родину».
- 7 Военнопленные в СССР, 1939 - 1956. Документы и материалы. – М., 2000. – 1770 с.; Кузьминых Л.А. Иностранцы военнопленные Второй мировой войны на Европейском Севере СССР (1939-1949). – Вологда, 2005. – 285 с.; Маркдорф Н. М. Военнопленные и интернированные Второй мировой войны в Западной Сибири (1943-1950 гг.). – Новосибирск, 2013. – 654 с. и.др.
- 8 Жанбосинова С. Архивные документы свидетельствуют Повседневная история деятельности лагерей для военнопленных. [Электрон.ресурс]. – // Вестник КазНУ, 2013. URL:<https://articlekz.com/article/11711>(дата обращения: 04.06. 2019)
- 9 Азаров А. Японские военнопленные в Казахстане. [Электрон.ресурс]. –2 сентябрь, 2015.URL:<https://rus.azattyq.org/a/yaponskie-voennoplennye-v-kazakhstan/27222220.html>(дата обращения:04.06. 2019)
- 10 Иса Д. Захоронения японских военнопленных в Хантагы и Ащысае. 29 январь, 2018.
- 11 ҚР ІІМ ШҚДА. Дело фонда №96/р 521
- 12 Серебренников С.В. (Кемерово) Побег японских военнопленных из советских лагерей (1945–1956 гг.) (страницы отечественной и зарубежной историографии) [Электрон.ресурс]. // Известия ВГПУ, 2017. – 194 с. URL:<file:///C:/Users/User/Downloads/pobegi-yaponskih-voennoplenn-hiz-sovetskih->

lagerey-1945_1956-gg-stranits-otechestvennoy-i-zarubejnoj-istoriografii.pdf(дата обращения:04.06. 2019)

13 Қадылбеков Қуанбекпен сұхбат. Сұхбатты жүргізген автор. 21.08.2018.

14 Маханбетов Түсенбекпен сұхбат. Сұхбатты жүргізген автор. 22.03.2019.

15 Источник:получен из г.Быстрица-Клодзка (Польша): Януш Кобрынь. Перевод с польского: Ежи Кобрынь, Януш Кобрынь. Подготовила к публикации: Забира Мырзатаева.

16 Өткелбаев Расылбекпен сұхбат. Сұхбатты жүргізген автор. 03.10.2018.

17 АП РК Ф.725. Оп.4. Д.38а. 34 л.

18 Ванда Исанская. Мои годы в казахской степи. /Под ред. академика М.Койгелдиева. (Кітапты баспаға даярлаған және алғысөзін жазған Мырзатаева З.) - Алматы: Изд-во «Асаба», 2019. – 176 с. (Аталған кітап туралы пікірін Тадеуш Исанский Польша баспасөзінде жариялады: «Świadectwo zapomnianych zesłańców – Свидетельство о забытых ссыльных //газета «Новая неделя» (Польша, г.Хелм – г.Люблин), 2019, 18 сентября». Сондай-ақ, 2019 жылы жарық көрген «Ащысай-Кентау тұрғындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. - XXI ғ.б.)». Естеліктер мен тарихи сұхбаттар жинағы. /Құрастырушылар: М.Қ. Қойгелдиев, Т. Исанский, З.Б. Мырзатаева, Т.Т. Далаева./ М.Қ. Қойгелдиев редакторлығымен. – Алматы: ИП «Балауса», 2019. – 392 б.» кітап және Айтылған тарих ҒЗО қызметі туралы Варшавадағы «Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған Польша азаматтарын еске алу ұйымының» сайтына ілінді: Świadectwo zapomnianych zesłańców. // <https://www.nowytydzien.pl/swiadectwo-zapomnianych-zeslancow/>

19 ҚР ИМ ШҚДА. КазССР ІХК 41 Дело.

20 ҚР ИМ ШҚДА № 30 папка, 3 П.

Pajdalanylğan adebietter tizimi:

1 GAOPI TO (Gosudarstvennyj arhiv obshchestvenno-politicheskoy istorii Turkestanskoy oblasti) F.4. Op.1. D.121. 8 P.

2 Bekmagambetov R., Voennoplennye na territorii Kazahstana. [Elektron.resurs]. – Yanvar', №1, 2010. – URL: <https://journal.zakon.kz/207315-voennoplennye-na-territorii-kazahstana.html> (data obrashcheniya:03.06.2021)

3 Bekmagambetov R. Voennoplennye na territorii Kazahstana: monografiya. – Kostanaj: Kostanajskaya akademiya MVD RK, 2014. – 166 s.

4 Sataeva Z.H., Arhivnye dokumenty o yaponskih voennoplennyh. [Elektron.resurs]. – Chast' II. – URL:<https://e-history.kz/ru/publications/view/5399> (data obrashcheniya:23.06. 2019)

5 Kuznecov S.I. Politika sovetskogo gosudarstva v otnoshenii yaponskihvoennoplennyh Sovetsko-yaponskoj vojny 1945 g. // Sibirskaya ssylka: sb. nauch. st. / otv. red. A.A. Ivanov, S.I. Kuznecov, B.S. Shostakovich. – Irkutsk: Ottisk, 2011. Vyp. 6 (18). 591.

6 «Soglasno shifrovke Genshtaba Krasnoj armii ot 1 sentyabrya 1945 g., yaponskie voennoplennye napravlyalis' na rabotu: «V Kazahskuyu SSR – 50 tys. chel., v tom chisle: v Karagandinskuyu obl. na stroitel'stvo Kazahskogo metallurgicheskogo zavoda, mashinostroitel'nogo zavoda, dlya Akchatusskogo vol'framovogo kombinata - 10 tys. chel., dlya «Karagandaugol'» - 10 tys. chel., narkomcvetmet - v Dzhekazgan - 3 tys. chel.; narkomstroj i narkomcvet - v Vostochno-Kazahstanskuyu obl. - dlya rabot po Rideru, Ust'-Kamenogorskomu i Zyryanskomu svincovomu upravleniyu - 15 tys. chel., v Yuzhno-Kazahstanskuyu obl. - narkomcvetmet dlya «Achpolimetall» - 3 tys. chel., v Dzhambul'skuyu obl. NKPS, na Karagandinskuyu zheleznuyu dorogu - 9 tys. chel.». Po dannym, privodimym A. Aldanazarovym, v Kazahstane byli razmeshcheny 58900 internirovannyh yaponcev, iz nih 1394 cheloveka pogibli na territorii respubliky, tak i ne sumev vernut'sya na rodinu».

7 Voennoplennye v SSSR, 1939 - 1956. Dokumenty i materialy. – M., 2000. – 1770 s.; S.Kuz'minyh L.A. Inostrannye voennoplennye Vtoroj mirovoj vojny na Evropejskom Severe SSSR (1939-1949). – Vologda, 2005. – 285 s.; Markdorf N. M. Voennoplennye i internirovannye Vtoroj mirovoj vojny v Zapadnoj Sibiri (1943-1950 gg.). – Novosibirsk, 2013. – 654 s. i.dr.

8 Zhanbosinova S. Arhivnye dokumenty svidetel'stvuyut Povsednevnyaya istoriya deyatel'nosti Lagerej dlya voennoplennyh. [Elektron.resurs]. – // Vestnik KazNU, 2013. URL:<https://articlekz.com/article/11711> (data obrashcheniya: 04.06.2019)

9 Azarov A. YAponskie voennoplennye v Kazahstane. [Elektron.resurs]. – 2 sentyabr', 2015. URL:<https://rus.azattyq.org/a/yaponskie-voennoplennye-v-kazahstane/27222220.html> (data obrashcheniya:04.06.2019)

10 Isa D. Zahoroneniya yaponskih voennoplennyh v Hantagy i Ashchysae. 29 yanvar', 2018.

11 KR IIM SHKDA. Delo fonda №96/r 521

12 Serebrennikov S.V. (Kemerovo) Pobegi yaponskih voennoplennyh iz sovetskih lagerej (1945–1956 gg.) (stranicy otechestvennoj i zarubezhnoj istoriografii) [Elektron.resurs]. // Izvestiya VGPU, 2017. – 194 s. URL:<file:///C:/Users/User/Downloads/pobegi-yaponskih-voennoplenn-h-iz-sovetskih-lagerej-1945-1956-gg-stranits-otechestvennoj-i-zarubejnoj-istoriografii.pdf> (data obrashcheniya: 04.06.2019)

13 Kadylbekov Kuanbekpen suhbat. Suhbatty zhyrgizgen avtor. 21.08.2018.

14 Mahanbetov Tysenbekpen suhbat. Suhbatty zhyrgizgen avtor. 22.03.2019.

15 Istochnik: poluchen iz g.Bystshica - Klodzka (Pol'sha): YAnush Kobryn'. Perevod s pol'skogo: Ezhi Kobryn', YAnush Kobryn'. Podgotovila k publikacii: Zabira Myrzataeva.

16 Otkelbaev Rasylbekpen suhbat. Suhbatty zhyrgizgen avtor. 03.10.2018.

17 AP RK F.725. Op.4. D.38a. 34 l.

18 Vanda Isanskaya. Moi gody v kazahskoj stepi. /Pod red. akademika M.Kojgeldieva. (Kitapy baspaza dayarlagan zhane algysozin zhazgan Myrzataeva Z.) - Almaty: Izd-vo «Asaba», 2019. – 176 s. (Atalgan kitap turaly pikirin Tadeush Isanskij Pol'sha baspasozinde zhariyalady: Świadectwo zapomnianych zesłańców – Svidetel'stvo o zabytyh ssyl'nyh //gazeta «Novaya nedelya» (Pol'sha, g.Helm – g.Lyublin), 2019, 18 sentyabrya». 2019 zhyly zharyk korgen «Ashchysaj-Kentau turgyndarynyn omirindegi aleumettik-madeni biregejlik (1927 zh. - XX g.b.)». Estelikter men tarihi suhbattar zhinagy. /Kurastyrushylar: M.K. Kojgeldiev, T. Isanskij, Z.B. Myrzataeva, T.T. Dalaeva./ M.K. Kojgeldiev redaktorlygymen. – Almaty: IP «Balausa», 2019. – 392 b.» kitap zhane Ajtylgan tarih GZO kyzmeti turaly Varshavadagy «Stalindik kugyn- syrginge ushyragan Pol'sha azamattaryn eske alu ujymynyn» sajtyna ilindi: Świadectwo zapomnianych zesłańców. //https://www.nowytydzien.pl/swiadectwo-zapomnianych-zeslancow/

19 KR IIM SHKDA. KazSSR IIXK 41 Delo.

20 KR IIM SHKDA № 30 papka, 3 P.